

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2023 жылғы 31 мамырдағы
№ ДС-206

Құрметті депутаттар!

Ертіс өзенінің жайылмасына табиғатты қорғау су ағынына қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Өзен арнасын жуу есебінен Ертіс өзенінің санитарлық функцияларын қалпына келтіру, сондай-ақ жайылманың табиғи кешені экожүйелерінің жұмыс істеуін сақтау және Орта Ертістің табиғи уылдырық шашатын жерлерін жыл сайын су қоймаларының Жоғарғы Ертіс каскадынан су басу мақсатында табиғатты қорғау ағындары (бұдан әрі – ағындар) жүзеге асырылады.

«Қазгидромет» РМК-ның 2023 жылғы вегетациялық кезеңге арналған ылғал қорын жинақтау және өзендер суының болжамына сәйкес, а.ж. II тоқсанында көктемгі ағынның қалыптасу шарттары мен Бұқтырма және Шүлбі су қоймалары аймағының өзендерінің сулылығы нормадан төмен күтілді (Бұқтырма су қоймасы аймағы. 2% - га, 14% - га).

Шүлбі су қоймасының болжамды шеттік ағынын және оның көлемін ескере отырып, 2023 жылғы 13 сәуірде тұрақты жұмыс істейтін ведомствоаралық комиссияның отырысында а.ж. 16 сәуір мен 8 мамыр аралығында Ертіс су қоймаларының каскадынан су жіберуді жүргізу туралы шешім қабылданды.

Ағынның бекітілген көлемі 4 590 млн м³ құрады, жалпы ұзақтығы 22 тәулік, Шүлбі СЭС жармасындағы максималды шығыстар шығыны 2 тәулікте 3500 м³/с.

Анықтама: 2022 жылы бекітілген ағын 4 640 млн м³ құрады, іс жүзінде 5 030 млн м³ құрады.

Ағын кезеңінің басында Бұқтырма су қоймасының көлемі 24678 млн м³, Шүлбі су қоймасының көлемі 2605 млн м³ құрады. Ағын кезеңінде қалыптасқан жағдайға байланысты комиссия Шүлбі су қоймасының пайдалы көлемін және шеттік ағын ағынының көлемін пайдалану, сол арқылы Бұқтырма су қоймасының көлемін сақтау және толықтыру туралы шешім қабылдады.

Анықтама: суы аз жылдар басталғаннан бері 2020 жылдан бастап Бұқтырма су қоймасы деңгейінің төмендеуі байқалады. Ұқсас кезеңдер 1992 және 2009 жылдары болды.

Осыған байланысты, Бұқтырма су қоймасының су деңгейі су аз жылдары төмендейді, көп су жылдары артады.

Шүлбі су қоймасынан тәуліктік төгу жағдайлары мен нақты шеттік ағынын ескере отырып, Шүлбі СЭС жармасындағы төгу режимі қалыптасып жатқан су шаруашылығы жағдайына байланысты күн сайын түзетілді.

2023 жылы Ертіс су қоймаларының каскадынан жіберу кезеңінде түнгі температураның төмендеуіне байланысты шеттік ағын төмендей бастады *(негізгі ядроның ортасынан аяғына дейін 190-дан 2060 м³/с дейін өсті).*

Дайындық кезеңінде Шүлбі СЭС жармасы арқылы ағын көлемі 240 млн м³, негізгі ядроға – 3 320 млн м³, 16.04.2022 ж. бастап 08.05.2022 ж. дейінгі кезеңде барлығы – 4 100 млн м³ құрады. Қабылдау ұзақтығы 23 – тәулік.

Анықтама: ағын кезеңінде шеттік төгудің жиынтық ағыны 1 860 млн м³, Өскемен СЭС жармасындағы төгінділер есебінен су ағыны – 810 млн м³, Шүлбі су қоймасының пайдалы көлемінің іске қосылуы – 1 430 млн м³ құрады.

Осылайша, Бұқтырма су қоймасында су жинақталуының жеткіліксіз көлемін назарға ала отырып, жіберу Шүлбі су қоймасы мен Оба және Үлбі өзендерінің шеттік салаларының жинақталу көлемі есебінен жүзеге асырылды. Алайда, температураның төмендеуіне байланысты ағынның негізгі өзегіне шеттік ағындар көлемінің айтарлықтай төмендеуі байқалды, бұл ағымдағы жылы Ертіс өзені бойынша ағынның жалпы көлеміне әсер етті

Р. Скляр